

Мектеп – білім тірегі, ұстаз оның жүрегі

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ГАЗЕТ**

Газет 2003 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, айына 2 рет шығады

**Ү** РЕСПУБЛИКА

№ 1-2 (134)

АҚПАН

2009 ЖЫЛ

**Ұ**СТАЗДАРЫ

Қызық. Алдымыздағы ересектердің әңгімелерін енді міне, біз айта бастадық. Ес жиып, төңірегімізге зер сала бастаған шағымызда әке-шешеміздің аузынан мына сөздерді жиі естуші едік: «Кейінгі жылдары өткен-кеткенді көп ойлаймыз. Ғапыл дүниенің жалғаны емей немене?.. Адам баласы құзғын емес қой. Мың жасаса, жүрмей ме алшандап?.. Соғысқа кеткені соғысқа кетті алды-артына қарайлай алмай. Аман-есен оралғандарының өзі селдіреп қалғанға ұқсайды. Шындығында қалмапты-ау...».

Тұңғығына тереңірек бойламаптық. Несіне жасырамыз. Аңғал бала көңіл, албырт жастық шақ ешнәрсенің байыбына жігі назар аудартапғаны және аян. Әлгінде мездегенімдей соңғы уақытта Астананың төрінде жүріп, қияндағы аулымды көбірек ойлайтын тәріздімін. Балқаштың жағасындағы өте жұпыны да, құбатөбел балықшы ауылдарының бірінен бірінің асып тұрғаны шамалы. Көркі де, думаны да жұрт тамсанатындай емес. Бірақ жалықтырмайды, қайта керісінше ертеңгі күнге деген құлшынысымызды бөлекше арттырған мектебімізге асығамыз. Содан бері де қырық жылдан астам мерзім өтіпті-ау. Сөйтсе де жанарымның алдынан кетпейтін суреттерді ой көзімен қун сайын болмаса да, оқта-текте бір шолып қоямын.

Сағынышқа тұнған елес-картиналардың түсі де, көркі де бұзылмаған. Кіндік қаным тамған Фрунзе атындағы балық колхозындағы бастауыш мектепті бітіріп, келесі сыныптан бастап іргедегі «Көпбірлік» орта мектебінде оқымақпыз. Ілезде есейіп кеткендейміз. Қоржын бөлмелі аядай мектепте сабақ берген тұңғыш мұғалім Базархан Ыбыраев ағай езіліп сөйлеген. Расында, әшейінде өте қатал әрі талапшыл ұстазымыздың үні елжірей шыққан.

— Ал, қарақтарым, сендер төртінші тауыстыңдар. Енді «Көпбірліктегі» үлкен мектептен оқисыңдар. Күніне бес-алты сабақ, Әрине, оңай емес. Әрқайсысынан бөлек-бөлек мұғалімдер береді. Тәртіпті болып, жақсы оқымаса болмайды. «Кім оқыпты?»— деп сұрайды шетінен. Мені жаман атқа қалдырмаңдар. Ұят болып жүрмесін. Алғашқы күннен жақсы оқу керек. Келістік пе?..

Базархан ағайдың шегелеп айтқан ақыл-кеңестерін құлағымызға құйып алған біз алтын күзді тағатсыздана күттік. Жаңа оқу жылының басталып, тездетіп әйдік мектептің есігін ашқымыз келді. Бұған дейін ешқайда ұзап шықпаған маған көрші ауыл, ондағы орта мектеп үйі керемет үлкен көрінген. Жалғыз қабатты, аса ұзын дәлізді «Г» әрпіне ұқсас мектеп ауласы ақ шатырдай киінген оқушыларға лық толы. Олардың арасында шаңқылдаған шағалалар да жүр. Әуелде қатты қайран қалып, ерекше таңданғаным рас. Ештеңеден хабарым жоқ мен үлкен мектепті тамашалап, екінші басына шыққанымда түп-тура көк созымдай жерде шалқып жатқан көкпенцек теңізді көрдім. Көз сүзіп аңырып қалғаным күні кешегідей әлі есімде. Шексіз, шетсіз көгілдір Балқаш астан-кестең тулап жатыр. Таңырқап жүрген жалғыз мен емес екенмін.

Өзіммен бірге бастауышты бітірген ауылдас парталастарыммен қоса «Жаңаөндірістен», «Қызыл Октябрьден» келген момақан тәмпіш танаулар да жүрген сықылды. Олар да көз ұшымен шағалалы теңізді тамашалап қызықтауда. Осылайша дабырлап тұра берер ме едік. Көкжелкемізден әлдекімің қатқыл даусы естілген:

— Кәне, көжебайлар, сабақтарыңа кіріңдер. Қоңырау соғылып кетті ғой.

Жапарармағай жалт қарадық. Қолында жіп-жанішке сырлы таяқшасы бар сұлдам бойлы бейтаныс кісі күлміден тұр. Кезекші мұғалімнің бірі болуы керек. Біз еш бөгелместен класымызға жүгіре жөнелдік. Әрі қатал, әрі көңілді әлгі мұғалім ағай өзрге бізге сабақ берген жоқ. Бірақ, күн сайын көреміз. Бірде қолтығына қысқан үлкен ағаш циркулі бар, бірде түнеуіңкіп сырлы таяқшасы бар оны мектептің ұзын дәлізінен ұшыратып қаламыз. Жып-жинақы, қоп-қою қара шашын шалқалай қайыртқан, шалбарының қыры пышақтай мұғалім ағайдың бойы да тіп-тік. Сыртынан сұрастырып білсек, математик көрінеді. Жоғары сыныптарға алгебрадан, тригонометриядан береді екен. Аты-жөні — Көшкімбай Төлегенұлы. Ересектердің айтуынша, сабақта өте қатал. Бізге үшінші тоқсаннан кейін, айтпесе келер оқу жылынан бастап дәріс оқымақ. Жоқ... Өсіп жүргенде қоңырау соғылысымен класымызға өзіміз аты-жөніне әбден қанық болған Көшкімбай ағай жетіп келді. Орнымыздан өре тұра келген біз әй-шайға қарамай шулап қоя бердік.

— Ағай, қазір бізге Байділда ағайдың сабағы емес пе?

Сіз қатепсіз басқа класқа кіріп кеткен

жоқсыз ба?..

— Бүгін физика болмай ма?

Тұс-тұстан қойған сауалымызға құлақ аспаған қалпы сәл-пәл үнсіз отырған ол әлден кейін;

— Кәне, тынышталыңдар!— деді зілді үнмен. Жан-жағына жанарын жүгірткен. — Байділда ағайларың сырқаттанып қалыпты. Жазылып шыққанша физикасын мен өткізетін боламын. Үйге қандай тапсырма беріп еді? Қайсың айтасың? Бәрің де дайындалып келдіңдер ме?

**Үстіміздегі жылдың ақпан айының 22 жұлдызында ұлағатты ұстаз, аз ғұмырын шәкірттерге білім беруге арнаған Көшкімбай Төлегенұлының дүниеден қайтқанына 35 жыл толады. Ұлағатты ұстазымды еске ала отырып, осы естелікті арнадым.**

Эссе

## ӨШПЕС БЕЙНЕ

Біз тағы шулап қоя бердік:

— Мен айттайыншы. Ағай!..

— Әлі бағам жоқ. Менен сұраңызшы.

— Ағай, мен... мен...

Үн-түнсіз алдындағы журналға бір, сыбыр-күбірге толы класқа бір қараған Көшкімбай ағай әп-сәтте балалардың жан дүниесін ұға қойғандай. Үнемі бірде дайындалып, бірде дайындалмай, тек баға үшін оқитын оқушылардың аты-жөндерін дәл атап, тақта алдына шақырған. Аяқтарының ұшымен жер шұқып, бастарын қасынғандардың дәрменсіз қипақтай бергенін көріп аңырайғандаймыз. Ағай ешқайсысына ұрыспады.

—Көжебайлар, бұларың жарамайды. Берілген тапсырманы әрдайым орындап, ұдайы әзірленіп жүру керек. Шала білім болмайды. Алдағы кезде алгебраны өтесіңдер. Одан сабақты өзім беремін. Егер осылай ала-құла дайындалатын болсаңдар, менен жақсылық күтпеңдер. Алдын-ала ескертіп жатқаным да. Сонымен, бүгінгі жаңа тақырыбымызды бастайық.

Сөйтіп бізге екі-үш рет сабақ берген Көшкімбай ағай келесі жылы сынып жетекшісі болып шыға келді. Әрі алгебра пәнінің мұғалімі. Бұрынғыдай емес күн сайын кездесеміз. Сыныптың жұмысы көп. Түрлі үйірмелер, алуан-алуан жарыстар, мектепшілік спорт бәсекелері. Бәрінің басы-қасында ақылшымыз, жанашырымыз Көшкімбай ағайдың өзі. Айтпақшы, айына екі мәрте «Шаншу» атты қабырға газетін шығарамыз. Балалардың қабілет-қарымы мен икеміне қарап, жеке-жеке тапсырма жүктейтін. Бұл да ұстазға тән бөлекше қасиетті аңғартса керек. Көшкімбай ағайымыздың айтқандарын қалт жібермей, шама-шарқылармен келгенше ойдағыдай орындауға тырысамыз-ау. Жауапты іске құлшына кіріскен бізге қанат бірігіздер де ұстазымыздың шын жүректен шыққан жылы лебізі. Әншейінде әлдеқандай қылығымыз бен әрекетімізге көңілі толмағанда «Ой, көжебайлар» дейтін ағайымыз, жақсы ісімізге мерейі тасып арқамыздан қағады: «Жарайсың, түбінде сенен бірдеңе шығады!» Мерейіміз тасып, бойымыз әжептәуір есіп қалады. Шәкірт пен мұғалімнің үйлесімді ұғысуы қай кезде де өз жемісін молынан төгетіні де мәлім...

Бірақ жылдан соң теңіз жағасындағы тым ертерек саман балшықтан салынған мектебіміз бұзылып, колхоздың жаңа орталығынан үлкен білім ұясының еңселі ғимараты бой көтерді. Оқушылар да, ұстаздар да мәз. Ала жаздай секеңдеп жүрмей Көшкімбай ағайдың басшылығымен сабақ істерге кірістік. Өз мектебінде өзіміз тұрғандай күнде

бөленген біздерді қаршадай кезімізде еңбекке баулыған Көшкімбай ағайдың өнегесі жадымызға өшпестей дарығаны сөзсіз.

Өз пәнін құлай сүйген математик ағайымыз әр сабақты мейлінше қызықты, әсерлі өткізетін. Сандар сырын, цифрлар құпиясын түсіндіру үшін небір елең еткізер деректерді ұстаз аузынан естігенде аңырып отырып қалатынбыз. Төрт таңбалы, бес таңбалы, тіпті одан да көп сандарды ауызша көбейтудің жұмбағын үйреткен кезде бұрынғыдан бетер таң қалушы едік. Осындай мезеттерде ол



жайрандап, қаталдығын ұмытып, айрықша көңілденіп кететін.

—Иә, солай, өмірдің өзі цифрлар мен сандардан тұрады. Айнала-төңірегіндегі сандармен сөйлесе білу керек. Оған еш таңданатыны жоқ. Ал, «Ойлану — таңданудан басталады» деген әйгілі грек ойшылы Аристотельдің сөзін кейінірек түсінесіңдер. Математикасыз өмірді елестету де мүмкін емес. Есеп-қисаптың мәні мен маңызын жақсы ажыратқан жөн. Жазу-сызудан бейхабар біздің ата-бабаларымыз ежелден-ақ есепке жүйрік болған. Жыпырлаған жұлдызды аспанға қарап, табиғат құбылыстарына барлау жасап, бүкіл тіршілік тынысын құдды тамыршыдай біліп отырған ғой. Бұл жөнінде халықтың салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында қалыптасқан ежелгі үрдісті байқаймыз. Ең ақыры, ауыз әдебиеті үлгілерінде, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарында цифр тілімен өрнектелген тәлімдер, тағылымдар молынан ұшырасады. Осыған қатты мән беріңдер...

Шынын айту керек, Көшкімбай ағайымыздың пәлсафасын біздер еш ұқпайтынбыз. Терең әрі жан-жақты ықылас қоймағандықтан шығар. Енді міне, ұстазымыздың өз пәнін құрғақ, сылдыр сөзбен өткізбей, айтпесе оқулықта жазылған жайлармен ғана шектеліп қалмағанын анық байқаймыз. Ұстаздың көрегендігіне тәнті бала-жүрек шәкірттік сезіміміз ерекше оятқандай. Айтқандары қаз-қалпында келгеніне басқаларды қайдам, менің өзім өмір-бойы куә боп, ұзын өмірде талай мәрте кездестіріп жүрмін. Танымдық туындылармен тұрақты да түбегейлі шұғылдануым сүйікті мұғалімнен дарыған небір тамаша өнегенің жарқылын көрсететіні де айдан анық. Осы шағын мөлтек сыңарында таптаурын болған «Қалдырған ізін мәңгілік» деген әдемі жыр жолдарын ауызға еріксіз аласың-ау. Жүректерде өшпестей қашалған ұстаздардың жарқын бейнесі әсем әнмен аяған шәкірт пейілін, шәкірт лебізін асқақтатқандай. Әуелде қолыма қалам алған сәтте абдырап қалғаным рас. «Не жазамын, не айтамын?.. Қаралайым көп мұғалімнің бірі. Абай атындағы Қазақ Педагогикалық Институтының (сол кездегі ҚазПИ) физика-математика факультетін бітірген, мектепте оқу бөлімінің меңгерушісі (завуч) болған. Соғысқа қатысып, орден алған жоқ. Бейбіт еңбек майданында толағай табыстарымен көрінген кенші, я болмаса жүрек жұтқан ұшқыш емес. Мұғалімдер өмірбаянынан тосын штрихтарды да, қызықты оқиғаларды да жиі кездестіре бермейсіз...» Ес қоңырауын соққан сайын өткен жылдар жаңғырығы елестеп, бірінен соң бірі дабыл қаққан. Сөйтсек, жақсы адамдар халқында айтқандай сөз шәкірттер бәр бөлек екен ғой.

Мезгіл әуендері, уақыт ізі өткеннің жаңғырығын шым-шымдап жеткізіп жатқандай. Өзім туып-өскен «Фрунзе» ауылынан іргедегі жеті шақырым жердегі «Көпбірліктегі» орта мектептен қатынап оқыған кез. Екі аралық әжептәуір. Жаяу-жалпылап дегендей. Колхоздың жалғыз-жарым мәшinesі ұдайы зырылдап тұрмайды. Амансыздан бірде велосипедпен, бірде салт атпен жүреміз. Қысы-жазы, шылқылдаған күз бен көктем. Бірақ... қиыншылыққа қыңқ етпейміз. Сабақтан әрнені сылтаулап бір күн қалған емеспіз. Қабақ шығуды білмейтін қыр балаларының көмбістігі де ғажап-ау. Ертеңгі күнге деген, келешекке деген құштарлық, оқу-білімге ынта мен ықылас ерекше қуат беретін. Жұпыны мектептің тіршілігі қызықтырып, ұстаздарымыздың өнеге-үлгілері үнемі ілгері жетелейтін.

Оқта-текте бір кезде өзіңе дәріс берген ұстаздар ұжымын сағынышпен еске алып, өткен-кеткенді ой елегінен өткізесің. Тура кешегідей бірінен соң бірі жанарының алдына тұра қалады. Мектеп директорлары болған Нұрлыбек Исаев, Төлеген Саусақбаев, мұғалімдеріміз Битай Ахметова, Ғайни Садуақасова, Тәңкібай Найзабеков, Нөгербек Наурызбаев, Байділда Нұрсағиев, Зылиха Асылбекова, Мақұм Қожахметов, Кенжехан Раушанова, Отанаман Жантеміров бейнелері әр қырынан елестері сөзсіз. Жүріс-тұрысы, сабақ түсіндіргені, сөз сөйлеу мәнері, ең ақыры киім киістеріне дейін ұмытылмастай жаңғырады. Бүгінде олардың көбі жоқ. Абай атамыз айтқандай «Өмір — мұхит, уақыт — толқын». Жандары жәннатта болып, жүздері пейіште шалқысын.

Солардың қатарында Көшкімбай ағай мен неміс тілінен сабақ берген оның зайыбы Байман Шаяхметова тәтейіміз бар. Ерлі-зайыпты ұстаздардың біздің жан дүниемізге сіңіріп, жадымызда еккен ізгілік дәндері мәңгі шешек атып тұрмақ. Сабақтарын жақсы түсіндіріп қана қоймай, терең білім-білігін шәкірттері бойына дарытудағы олардың нағыз педагогтық тәлім-тәрбиелері өзгеше. Осы орайда бір ғана нақты мысалды келтіре кетейін. Көгілдір Балқаштың жағасындағы алтын ұядан ұшып шыққан түлектердің дені математика мен неміс тілін жақсы игерген. Бұл — үлкен мақтанаты. Ұлы ағартушы педагог Ыбырай Алтынсариннің айтқаны әсте ескірмейді. «Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі». Ал, әйгілі химик Д.И.Менделеев «Мұғалімнің бүкіл мақтанашы — шәкірттерінде» деген емес пе? Мұндай мән-мағынасы аса зор тіркестерді молынан тізбелеуге болады. Сөйтсе де ежелгі грек қолбасшысы Александр Македонскийдің жүрегің жарып шыққан тамаша лебізі көмейіме келе береді: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым».

Қандай терең сөз. Көшкімбай аға мен Байман тәтейдің алдын көрген, тәрбиесін алған үлгілі шәкірттерін бұл күнде ұлан-байтақ еліміздің барлық түкпірінен кездестіресіз. Әрине, олардың дені — өмірдің қилы-қилы соқпақтарынан өткен әйгілі тұлғалар. Олардың арасында академик те, инженер де, кенші де, өнерпаз да, жазушы да т.б. салалардың өкілдері бар. Сол жүректер әрдайым «менің мұғалімім...» деп соқса керек. Ұстаз үшін бұдан артық бақыт жоқ.

Әңгіме өзегінде мезегенімдей, мұғалімдер өмірбаянына қатысты елең еткізер оқиғалар сирек ұшырасады. Күніүзак, тіпті бүкіл ғұмыры мектепте өтеді. Ұдайы шәкірттерінің ортасында. Сабақ, тағы сабақ... Бейне бала жанының бағбаны. Осындай майрамажай жайда Көшкімбай ағайдың жүрегі ойламаған жерден тоқтаған-ды. Тосын оқиға. Ондаған жылдарда бір қайталанар шыңылтыр аязды боранда Балқаштың үстінде үсікке шалдыққан ұстаздың қазасы шәкірттері мен әріптестерінің, бүкіл ауылдың қабырғасын қайыстырған... Содан бері де сыныпта ұстатпайтын уақыт өз ізін бедерлепті-ау. Отыз бес жыл өткені ме?! Иә... Өшпейтін із, өшпейтін бейне әр жүректің төрінде. Ол ешқашан ұмытылмайды. Өйткені, ұрпақтар буын-буынға жалғасуда. Шаңырағында шипеттей қалған Көшағанның ұл-қыздары жеке-жеке отау құрып, ел игілігіне өз үлестерін қосып жүр. Үлкені Гүлшат — дәрігер, Гүлнәрі — журналист. Ал, ұлы Жасқайрат әке-шешесі еңбек еткен мектептің директоры, Мақсат — ауыл әкімшілігінде, Шарбат — мейірбике, Гүлмира — «ЭйрАстана» АҚ жұмыс істесе, кенжесі Талғат — Меркі аудандық прокуратурасында қызмет істейді.

Қылшылдаған қырық жасында дүниеден озған ұстаз бейнесі көз алдында өшпестей сақталыпты. Әлсін-әлсін елестей береді.

Жанат ЕЛШІБЕК